


Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Қырық жыл



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Lyn Doerksen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org


©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1



Құдай исаилдіктерді Мысырдан
құтқарып алған соң, Мұса халықты
Құдайға ғибадат етуге апарды. Ол мадақ
жырын шығарды. «Мен Жаратқанға
ән салатын болам, өйткені Ол тамаша
жеңіске жетті». Мұса Исаил
үшін Құдай іске асырған
барлық ұлы істер
жайында ән салды.

АЛЛЕЛУЯ
ҚҰДАЙҒА
ШҮКІР



2

Шөл далладағы үш күннен кейін шөлден қаталаған адамдар су қоймасын тапты. Бірақ олар ащы суды іше алмады. Сиынып мінәжат етудің орнына адамдар шағым жасады.

Құдай өте қайырымды болды. Ол суды ішуге жарамды етті.

3



Адамдар бәріне шағым жасап жатқандай болды. «Бізде Мысырда тамақ болған. Мына айдалада біз аштан өлеміз», –деп айғайлады олар. Сол күні кешке Құдай бөдене атты құстарды жіберді. Адамдар оларды оңай ұстап алды.


4

Келесі күні таңертең Құдай оларға манна жіберді. Бұл, дәмі балды тоқашты еске түсіретін нанның бір түрі еді. Әр күні ертеңгісін жинауға дайын манна жерде жатты.

Осылайша Құдай Өзінің халқын айдалада тамақтандырды.


5

Олар әр күні жаңа тамақ табуда Құдайға сенім арту керек болды. Бірақ Құдай маннаны бір түнде шіріп кетеді десе де, кейбір адамдар оны артығымен жинап алды.



6

Әрине, сенбі күннен басқа күндердегі артық манна құрттап кетті. Бұл ерекше жетінші күні адамдар демалып, кешегі маннаны жеді.



7

Құдай айдалада жүрген ираилдіктерге қамқор болды. Ол оларға тамақ пен су беріп, жаудан қорғады.

Амалектіктер шабуыл жасаған кезде, Мұса Құдайдың таяғын қолында ұстап тұрған уақыттың бәрінде, Ираил жеңіске жетуді жалғастырды.




8



Құдай израилдіктерге: «Егер сендер Менің дауысыма бағынатын болсаңдар, сендер Менің ерекше халқым боласыңдар», – деді. «Құдай не айтады, біз соның бәрін істейміз», – деді адамдар Мұсаға. Олар Синай тауының етегіне келіп, Мұса Құдаймен кездесуге барып келгенше күтті.

9



Мұса Құдаймен тауда қырық күн болды. Құдай Он өсиетті екі тас тақташаға жазды. Ол Мұсаға Өзінің халқы қалай өмір сүру керектігін айтты.

10

1. «Менің жүзімнің алдында сендердің басқа еш құдайларың болмасын».

2. «Бейне жасап алып, оларға табынбаңдар».

3. «ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ есімін босқа айтпа».

4. «Сенбі күнін киелі деп сақтап, оны есте ұста».

5. «Өзіңнің әкең мен өзіңнің ананды құрметте».

6. «Сен өлтірмей керексің».

7. «Сен неке адалдығын бұзбау керексің».


8. «Сен ұрламау керексің».

9. «Сен өтірік айтпау керексің».

10. «Сен сұқтанбау керексің».


11

12



Мұса Құдаймен бірге Синай тауының басында болған кезінде, израилдіктер қорқынышты нәрсе істеді. Олар һаронға алтын бұқа мүсінін жасауды бұйырды, сөйтіп олар оған Құдайдың орнына тағзым етті. Құдай қатты қаһарланды. Мұса да сөйтті.

13



Мұса бұқаны және билеген адамдарды көргенде, ол тас тақташаларды жерге ұрып сындырды. Қаһарланған Мұса алтын бұқаның көзін құртты. Оған табынған зұлым адамдар жойылды.

14

Құдай екі тас тақташаны ауыстырды. Ол Мұсаға Келісім шатырын –маңайында қоршауы бар шатырды –жасауға әмір етті: Құдай Өзінің халқымен бірге мекендейді. Олар сонда Құдайға тағзым етуге тиіс болды. Бұлт бағанасы мен отты бағана Құдайдың өздерімен бірге қатысуда екенін көрсетті.



15

Олар Қанаханға жақындап келгенде, Мұса Құдай Өзінің халқына уәде еткен жерді көріп келу үшін он екі барлаушы жіберді. Барлық тыңшылар оның өте әдемі екенімен келісті. Бірақ тек екеуі, Ешуа Нұнұлы мен Халеб қана, сол жерді Құдайдың көмегімен жаулап алатындарына сенді.



16


Қалған он тыңшы күшті қалалар мен сол жердегі алыптардан қорықты. «Біз жерді ала алмаймыз», –деп ыңкылдады олар.



Олар өздерін Мысырдан азат етіп алып шығу үшін Құдай іске асырған ұлы істерді ұмытып кетті.

17

Адамдар он сенбеуші барлаушының соңынан ерді. Олар зар жылап, Мысырға қайтып кетуге дайындалды. Олар тіпті Мұсаны өлтірмек те болды!



18

Құдай Мұсаның өмірін сақтап қалды. Содан соң Ол адамдарға былай деді: «Сендер қырық жыл айдалада кезіп жүретін боласыздар. Сендер жаратпаған жерге кіру үшін тек Халеб пен Ешуа Нұнұлы және сендердің балаларың ғана тірі қалады».



19

Қырық жыл

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Мысырдан шығу 15 – Руларды санау 14

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

20



Соңы

12

60

21

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

22